

№9
(7851)

3 наурыз,
Сәрсенбі,
2021 жыл.

uil-gazet@mail.ru

аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1930

жылдың

қараша айынан

бастап шығады.

Аудан әкімі Асқар Қайырғалиұлы Қазыбаевтың
8 наурыз – халықаралық әйелдер күні
мерекесімен құттықтауы



Ардақты әжелер, абзал аналар, ақжелең жеңгелер,
ауылы қарындастар!

Сіздерді ару көктемнің шуақты, ең ізгі, мейірім мен сүйіспеншілікке толы мерекесі 8 наурыз халықаралық әйелдер күнімен шын жүректен құттықтаймын! Осы бір тамаша көктем мерекесі әйелге тән өдемділік пен нәзіктіктің мәңгілік белгісі сияқты. «Алтын құрсақ ананың амандығы мен баланың жарқын күлкісі – біздің басты байлығымыз. Ана мен бала тағдыры мемлекет қамқорлығынан бір сөтте тасты қалған емес» деп атап көрсетті Елбасымыз Н.Назарбаев Қазақстан әйелдерінің тұңғыш съезінде сөйлеген сөзінде.

Ауылы аналардың нәзік жүрегі сүйген жарына, перзентіне, туған жері мен Отанына деген махаббатқа толы. Тіршілік атаулыға мағына, мән беріп, дүниені пәк қалпында ұстап тұрған арулардың жүрегіндегі сол ізгі сезімдер. Сол үшін біз оларды ерекше құрметтейміз.

Қазақ әйелі – ең әуелі, ардақты ана, отбасының сақтаушысы болып отыр. Ол дүниеге әкелген перзенттеріне тәлім-тәрбие беру жолында жан жылуымен жүректігі мейірімін аяған емес. Балалар біздің болашағымыз десек, аналарымыз сол жас ұрпақтың бойына адалдық, шыншылдық, адамгершілік, имандылық пен отансүйгіштік деген асыл қасиеттерді дарытып жүр.

«Қыз өссе елдің көркі» деген дана халқымыз қыз баланы ерекше құрметтеп, өрқашан төрден орын берген. Қазақ қызы қашан да сұлулығымен, даналығымен ғана емес, ерлігі және қайсарлығымен дараланған. Қазір де ауданымыздың өсіп-өркендеуі жолында аянбай еңбек етіп жүрген арулар баршылық. Біздің қоғамымызда әйел тек отбасының береке-бірлігін ойлайтын тұлға ғана емес, ол мемлекеттік қызмет пен қоғамдық істе де, кәсіпкерлік пен тәлімгерлікте де тамаша табыстарға қол жеткізе отырып, саяси мәселелерге белсене араласатын қоғам мүшесі. Сондықтан елімізде әйел адамның өлеуметтік қорғалуына, олардың өмір сүру деңгейін арттыруға айрықша мән беріледі.

Біздің аналарымыз – жарқын істерді бастаушы, ел бірлігінің ұйытқысы, ырыс пен ынтымақтың алтын діңгегі. Еңбекте, өнерде, білім беруде баршаға үлгі. Кейінгі толқын осынау игі дәстүрді лайықты жалғастыруда. Қазіргі күрделі кезеңде де отбасының ұйытқысы болып отырған аналарға басымдығыз меміз!

Қымбатты аналар!

Сіздер өмірді нұрландырып, шаңыраққа шаттықтың шуағын әкелесіздер. Сіздердің қолдауларыңыз баршамызға сенімділік ұялатып, жігер береді. Әйелдің жүрегі – өлемнің тірегі. Осы ерекше қасиеттеріңіз мәңгілік салтанат құрып, елімізге ырыс-құт дарысын. Сіздерге зор денсаулық, баянды бақыт, отбасылық бақыт пен қызметтеріңізге сәттілік тілейміз! Жүздеріңізден күлкі, көңілдеріңізден қуаныш кетпесін!

Құрметпен, Ойыл ауданының әкімі Асқар Қайырғалиұлы Қазыбаев

КӨЛ ТАРТЫЛСА, ҚҰС ҚАШАР, ӨЗЕН ТАРТЫЛСА ШЕ?

Біздің аудан негізінен ауыл шаруашылығымен айналысатын болғандықтан бүгінгі күнде қозғалып отырған өткір мәселе Ойыл өзенінің тасымауы.

Себебі соңғы уақытта қуаңшылық салдарынан яғни, күзгі жауын-шашынның болмауынан тоңның түспеуі, қардың аз мөлшерде болуынан өзен суы арнасы толмай ағады. Қазіргі таңда аудан деңгейінде еріктілер мен ынталы топ ауданның атқамінер азаматтарымен бірлесе қолдан келер шараларды жүзеге асырып жатыр. Өзеннің арнасын басқан қамыс-қоғалар шабылып, жаз уақытында балдырларын да тазалау жұмыстары жүргізіліп келеді. Өйтсе де табиғаттың келеңсіздігінен туындаған мұндай жағдайға жай адамның күші жетпейтіндігін ескерген жерлестер қайткенде де Ойылдың бүгінгі жайын бейқам қалдырмау керектігін айтып жан-жаққа дабыл қақты. Нәтижесінде бұл мәселеден хабардар болған министрлік өкілдері бұл жайтты ескеруісі тастамады.

Жақында ғана Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің кеңесшісі Сәрсенбай Еңсегенов ауданымызға арнайы атбасын бұрды. Сондай-ақ, «Жайық-Каспий бассейні» ДҚ инспекциясы РММ басшысының орынбасары Бейбүт Кадимов, «Казгидромет» РМҚ ғылыми-зерттеу орталығының директоры Нұрлан Абаев, «Казгидромет» РМҚ бас директорының орынбасары Серік Саиров, Су ресурстары комитеті төрағасының орынбасары Мақсат Аяшев, Ақтөбе облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасының басшысы Жақсығали Иманқұлов ойылдықтармен арнайы кездесіп, Ойыл өзенінің тасымау салдарын талқылады. Кездесу барысында алдымен аудан әкімі Асқар Қазыбаев ауданның өлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштерін тоқталып, Ойыл өзенінің бүгінгі күйін хабардар етті. Одан кейін көптің көкейіндегі өзекті мәселені нақты шешіп, талқылау үшін сөзді арнайы мандарға берді. Ойыл, Жем өзендерінің бүгінгі күйіне мемлекеттің қолдауы керектігін айтқан жергілікті тұрғындардың өтініш-тілектерінен хабардар болған Экология, геология



және табиғи ресурстар министрлігінің кеңесшісі Сәрсенбай Еңсегенов мұндай жағдайдың орын алуы табиғи фактор екенін жеткізді. Өйткені бұған дейін аталған өзендерге зерттеу жүргізу барысында өзен бойларында өзекті бөгеп, бөгеттер салу сынды әрекеттер байқалмаған.

«Осындай жағдайлардың орын алуының бірден-бір себебі өзендерге құятын бұлақтардың көздері бітелген. Оған қоса елімізде бұлақтарды тазалау, көзін ашып қадағалау жұмыстары заңмен реттелмеген. Сондай-ақ өзеннің тасымау салдары жауын-шашынның азайып, тоңның болмауы деген болжамдамыз. Оған қоса өзен жағалауларын қамыс-қоғалардың басуы су арналарының бітелуіне кері әсерін тигізуде. Міне біздің Ойылға ат басын бұрғандағы басты мақсат өзен бойын қоныстанған жергілікті тұрғындармен арнайы жүздесіп, Ойыл өзені туралы толық ақпарат алу. Сіздерден түскен ұсыныстарды негізге аламыз деген жоспарымыз бар», - деді. Әрі қарай «Казгидромет» РМҚ бас директорының орынбасары Серік Саиров «Ойыл және Жем өзендеріне бақылау жұмыстары XX ғасырдың 35 жылдарынан бастау алады. Екі өзенде де біздің бақылау пункттеріміз бар. Солардан жинақтамаған зерттеу жұмыстарын айтар болсақ ауа-райының параметрларының су ағынында тигізетін әсері көп. Жем, Ойыл өзендері бір географиялық аймақта жатқандықтан екі өзеннің

Алғыс айту күні – Қазақстан халқын мәңгілікке біріктіруге бағытталған, қазақстандық бірегейліктің негізгі арқауы – еліміздегі барлық ұлт пен ұлысты бір шаңырақ астына топтастыратын Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылған күні. Өрине, бейбітшілік пен ұлттар арасындағы достықты ерекше бағалайтын елімізде Қазақстан халқы Ассамблеясының орны бөлек. 2016 жылдың 14 қаңтарында тұңғыш Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылған күнін, яғни 1 наурызды Алғыс айту күні деп жариялады. Алғыс айту күні – бұл, ең алдымен, елімізде тыныштық пен үндестік, өзара сенімділік пен барлық қазақстандықтарға деген құрметтің орнығуына негіз болған Тұңғыш Елбасымыздың бейбітшілік пен келісім саясатының салтанатты күні.

Осыған орай 1 наурыз күні «Шын жүректен!» атты мәдени шара өтті. Еліміздің болашағы – бүлдіршіндердің биімен басталған шарада аудан тұрғындарын алдымен аудан әкімі Асқар Қазыбаев құттықтап, бір топ азаматқа алғыс хат табыстады. Ең бірінші Тұңғыш Президент қорының ұйымдастыруымен Алматы қаласында өткен III Республикалық «Қайырымдылық керуені» байқауына қатынасып, екінші орын алып келген «Шұғыла» мәдениет және демалыс орталығы жанындағы «Үкілі үміт» мүмкіндігі шектеулі жандар қызығушылық

клубының мүшесі, жеке кәсіпкер Гүлсім Елекбаева облыс әкімі Оңдасын Оразалинның мерекелік құттықтауын жеткізді.

Ауданның білім саласын дамытуға қосқан зор үлесі үшін білім саласының ардагері Майраш Ыбрашева, Ауданның денсаулық сақтау саласын дамытуға қосқан зор үлесі үшін перзентхана бөлімінің меңгерушісі Зекия, аудан аумағындағы қауіпсіздікті сақтап, қылмыстардың алдын алуда көрсеткен ерекше белсенділігі үшін Ойыл аудандық полиция бөлімінің кеңсе іс жүргізушісі Толғанай Халидоллаева, қоғамдық қызметтегі қажырлы еңбегі үшін Құмжарған ауылының тұрғыны Ләззат Байманова, ауданның денсаулық сақтау саласын дамытуға қосқан зор үлесі үшін Ойыл аудандық СЗББ-ның халыққа мемлекеттік қызмет көрсету және цифрландыру бөлімінің бас маманы Шаттық Әлжанова, ауданымызды көркейту мен абаттандыруға қосқан қажырлы еңбегі үшін Ойыл ауылдық округі әкімі аппаратының кіші қызметкері Марат Садықов, ауданның мәдениет саласын дамытуға қосқан зор үлесі үшін «Шұғыла» мәдениет және демалыс орталығы жанындағы «Достық» өзге ұлт өкілдері клубының мүшесі Елена Жигаadlo, ауданның мемлекеттік жастар саясатын дамытуға қосқан зор үлесі үшін белсенді жас Айнагүл Өтеповалар марапатталса, өмірдің айтулы белесі – 70 жасқа толған мерейтойына орай



Асқар Қайырғалиұлы Мәдениет үйі жанындағы Халықтық «Ақ өже» ансамблінің мүшесі Айша Қалишеваға мерейтойлық құттықтауымен бірге камзол кигізіп, сый-сияпат ұсынды. Әнмен өрілген кеште «Шұғыла» мәдениет және демалыс орталығы жанындағы «Достық» клубының мүшесі Надежда Караева ойылдықтарға алғыс айтты.

Мерекелік шара барысында Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай ұйымдастырылып жатқан «30 игі іс» жобасы аясында аудан жастарының қайы-

рымдылық акциясы бейнебаян арқылы көрермендер назарына ұсынылса, жертақты жерлестер мен «Шұғыла» мәдениет және демалыс орталығы жанынан құрылған «Үкілі үміт» мүмкіндігі шектеулі жандар клубының мүшелерінің жүрежарды лебіздері де бейнебаян арқылы жеткізілді.

Алғыс айту күні қазақстандық патриотизмнің, достық пен бірлігіміздің мәдени сан алуандықтың жарқын күні. Елбасы 130-дан аса этностың өр қайсысы өзінің қайталанбас өрнегін салуының нәтижесінде біздің бір тұтас ұлтқа айналатынымызды баса айтты. Бұл күні ел азаматтары ұлт пен ұлыстың өткен кезеңдегі тарихын дәріптеп, өлемдік қауымдастық тарапынан жоғары бағаланған қазақстандық татулық пен келісімді паш етеді.

Әрбір адам өз Отанын жанындай жақсы көреді, сүйеді, көк байрағын көкке көтеруді мақтаншн тұтады. Қазақстан – көп ұлтты, біртұтас тәуелсіз мемлекет. Әлем таныған Отанымызда жүз отыз ұлт пен ұлыс өкілдері бір үйдің баласындай достық пен татулықта, жарасымды бірлікте қоян-қолтық өмір сүруде. Біз – ынтымағы жарасқан елміз.

Алғыс айту күні мерекесі – тыныштық пен өзара сенімділік, үлкендерге құрмет, Отанымыз бен отбасына деген махаббатты білдіретін күн десек артық айтпас едік. Бүгінде Отандастарымыз «Мың алғыс, қазақ халқына!» дейді.

ГҮЛСІМНІҢ БЕЛЕСІ – БӘРІМІЗГЕ ҮЛГІ!

ӨТКЕН АПТАНЫҢ СОҢЫНДА АЛМАТЫДАН АҚЖОЛТАЙ ХАБАР ЖЕТТІ. ТҰҒЫШ ПРЕЗИДЕНТ ҚОРЫНЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРУЫМЕН АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНДА «ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ КЕРУЕНІ» ІІІ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ КОНКУРСЫ ӨТКЕН БОЛАТЫН. БҮЛ ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚТЫ НАСИХАТТАУҒА БАҒЫТТАЛҒАН 5 НОМИНАЦИЯ БОЙЫНША ІРКТЕУ ЖҮРГІЗІЛДІ. АТАЛЫМДАР «АСАР», «ТУҒАН ЖЕР», «МЕЙІРІМ ЖОЛЫНДА», «БАТЫЛ ЖҮРЕК» ПЕН «ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ТАРИХЫ» АТТЫ БАҒЫТТАРДЫ ҚАМТЫДЫ. БАЙҚАУДЫҢ ҚОРЫТЫНДЫ ШАРАСЫНДА «АСАР» НОМИНАЦИЯСЫ БОЙЫНША АУДАНДЫҚ ІШКІ САЯСАТ, МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ТІЛДЕРДІ ДАМУЫТ БӨЛІМІНІҢ ҰСЫНЫСЫ НЕГІЗІНДЕ «ШҰҒЫЛА» МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ДЕМАЛЫС ОРТАЛЫҒЫ ЖАНЫНДАҒЫ «ҮКІЛІ ҮМІТ» МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ ЖАНДАР ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚ КЛУБЫНЫҢ МҮШЕСІ, ЖЕКЕ КӘСІПКЕР ГҮЛСІМ ЕЛЕКБАЕВА ІІ ОРЫН АЛЫП, 100 МЫҢ ТЕҢГЕ СЕРТИФИКАТПЕН МАРАПАТТАЛДЫ.

Гүлсім Елекбаева тағдырдың жазуымен мүгедектер арбасына отыруға мәжбүр болды. Оған 22 жасында «ішінара сал болу» диагнозы қойылды. 2001 жылы медициналық сараптама оған 2 топтағы мүгедек қорытындысын бергенімен, 2004 жылы 1 топқа ауыстырылды. Ұзақ жылдарға созылған ауру мен арбаға таңылу оған оңайға соқпады. Сондықтан Гүлсімде дөрігері бір іспен айналысуға кеңес береді. Бұрыннан ісмер ол қолына бес иенісін алып әуелі өртүрлі бұйымдарды тоқуды ермек қылды. Анасынан үйренген бұл ермегі оның жалғыздықты жеңуге септігін тигізіп қана қойған жоқ. Кейіннен оның қиялынан туған дүниелер талайдың таңдайын қақтырды. Гүлсім өзіне қоғамның назарын осыдан он жыл бұрын аударды. Алдымен аудандық «Қанатты әйел» байқауына өзінің «ермегін» ұсынды. Кейіннен «Даму» Кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ-ның «Құлдыздарға қара» жобасы бойынша жеңімпаз болып, «Құс жолы» байқауының грантын жеңіп алды. Ол кезде Гүлсім Ойыл ауданының Шұбарши ауылында тұратын еді. Сол жылы жеке кәсіпкерлігін ашып, өзінің «ермек қылып» жүрген сүйікті ісіне құлшына кірісті. Аудан басшылығы өмірге құштар кәсіпкерге қолдау көрсетіп, Ойылдан жалдамалы пөтер берді.

Содан бері жеке кәсіпкерлікпен айналыса бастаған Гүлсімнің ізденісі қазір үлкен суранысқа ие. Реті келсе, көрмелер мен байқаулардан қалмауға тырысады. Мысалы, 2019 жылы облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының ұйымдастыруымен өткен халық шығармашылық фестиваль-байқауына қатысып, қолөнерден 3-орын және 20 мың теңге сертификатты иеленді. Өзінің айтуынша, осындай байқаулар адам-



ды қанаттандырады, қамшылайды.

Сондай-ақ, бұрнағы жылы «Атамекен» кәсіпкерлер палатасының Ақтөбе облыстық филиалының ұйымдастыруымен Ойылдағы аудандық филиалда кәсіпкерліктің негізін үйрететін «Бастау Бизнес» курсын оқып, сертификат алды. Ойлап жүрген жобасын қорғап, нәтижесінде 700 мың теңге көлемінде қайтарымсыз грантқа ие болды. Бұл қаражатқа ол тоқуға керек құралдар мен ізденіске қажет ноутбук сатып алды.

Қазіргі таңда «Мархабат» атты жеке кәсібін ашып, үйінің бір бөлмесін шеберханаға айналдырып отырған тоқымашы Гүлсім Елекбаева мемлекет қамқорлығына дән риза. Оның бер жағында түрлі мемлекеттік бағдарламаларға қатысып, қайтарымсыз қаржылай көмектерге ие бол жүр.

Гүлсім соңғы уақытта жұмсақ ойыншықтар тоқып жүр. Мәселен, аққара жіптен тоқылған панда, қоңыр, күлгін түсті қонжықтар сүйкімді-ақ және олардың қолдарына бірдеңе

ұстатып қоятыны тіпті үйлесім тауып тұр. Тоқылған қуыс кеуде ішіне халафайбер салып, жұмсақ ойыншықтарға айналдырып отыр. Оның қолынан шыққан өдемі отынулерге қызықпайтын адам ауылда кемде-кем. Өзі болса, «Менің бұйымдарыма халықтың сұранысы қиялыма қанат бітіріп отырады» - дейді.

Р.С.

Алматыдағы шараға қатысуға қолғау көрсеткен аудан әкімігізі мен мәдениет саласы қызметкерлеріне және аудандық мүгедектер қоғамына Гүлсімнің алғысы шексіз. Бұлардың жылы «Асар» номинациясы бойынша Астана қаласында өткен «Қайырымдылық керуені» мәдениет үйі жанындағы Халықтық «Ақ өже» ансамблі қатысқан болатын

Серікбай ҚОЙБАҒАРОВ,
Ойыл селосы.



БІР ҒАСЫР БҰРЫН БАСТАЛҒАН

Тарихсыз- халық түл дегендей , ауданымыздың қуанышы мен қасіреті қатар ербіген сан ғасырлық төл тарихымыз біздің баға жетпес асыл мұрамыз. Осыған дақ түсірмей болашақ ұрпаққа жеткізү біздің борышымыз. Өйткені, өткенді білмей болашақты болжау мүмкін емес.

Ойыл –білер сөйлеп, батырлар ту көтерген ежелгі тарихи өңір. Асан Қайғының Ойыл жайлы белгілі толғау-лары, Қазтуғанның, Жиембеттің жорық жырлары, Мұрат Мөңкеұлының зар заман шері өңір шежіресінің тек санаулы беттері іспеттес. Ноғайлы заманның талай-талай тарихи тұлғалары отауын тігіп, үстімен Ұлы Жібек жолы өткен өңір. Араб елінің елшілері мен орыс саяхатшыларының қолжаз-баларын, қағазға түсірген сызбаларын зерделей зерттеп, олардан қалған мұралармен тереңірек танысқан сайын туған жердің қадау-қадау тарихи оқиғалар алаңы болға-нына көзіңіз жете түседі. Айталық, аты аңызға айналған Едігенің немесе Едіге ұрпақтарының жер үшін егескен ереуіл күдерінің бір кезеңін Ойыл бойында өткізгенін біреу білсе біруей білмейді. Әбілқайыр ханның, оның қасындағы Есет,Бөкенбай, Жәнібек батырлардың, Алтай мен Арал, оның ұлы Наурызәлі батырлардың түсі суып, тұн қата жүріп жерін қорғап қалған ерлік істеріне де осы ежелгі Ойыл даласы кув. Сондай-ақ ойылдықтар Сырым Датов, Исатай-Махамбет бастаған көтерісшілердің рухына да рух қосты. Бір сөзбен айтқанда, шалғайдағы шағын өңір азамат-тарының ел үшін атқа қонбаған бір күні, еңр, болмаған да шығар.

Ойыл ауданының қалыптасу тарихына XX ғасырдан бас-тап көз жүгіртсек 1918 жылдың 6 мамырында «Ойыл уәлаяты» құрылып, Алашордалықтарға облыс орталығы болған.

1918 жылдың 30 шілдесінде «Қазақ» газетінде «Ойыл уәлаятының Үкіметі» атты мақала жарияланған.

1918 - 1919 жылдары «Қазақ» газетінде «Ойыл уәлаятының Үкіметі» атты мақала жарияланған.

1918 жылы 11 - қыркүйек күні Ойыл уәлаятының Уақытша үкіметі таратылып, оның орнына Алаш автономиясының батыс бөлігін басқару жөніндегі бөлімшесі болып құрылған. 1919 жылдың қараша айы – тарихта «Ойыл оқиғасы» деген атпен Алашордалықтар үшін маңызды саяси оқиға болды.

1921 жылы өткізілген Ойыл уездік кеңестерінің құрыл-тайы елдің экономикалық жағдайын қарап, уездік атқару-шы, басқарушы органдарын сайлаған. Үездік атқару коми-тетінің төрағасы болып Сламғали Құрманов сайланған.

1921 жылдың 19 қарашасында ҚазақКСР Орталық Атқару Комитеті өкімшілік комиссиясының 1921 жылғы 26 мамырдағы қаулысымен Ақтөбе губерниясының құрамына кіргізіліп, 14 болыстан тұратын Ойыл ауданы қайта құрыл-ған. Ауданға Ақсу /Беловодск/, Жекенді, Жетікөл, Қазбек, Қайыңды, Қарағанды,Қиыл-Ойыл, Новонадеждинск, Преображенск,Романовск, Тайсойған, Бірінші Ойыл, Екінші Ойыл, Шиповск болыстары қараған. Бір жылға жетпей қайтадан тарап кеткен.

Ойыл уезі 1920 жылы 2 мамырда Торғай облысы Темір уезі болыстарынан құрылған. 1921жылы 19 қарашада Ойыл уезі Ақтөбе өңіріне бөлінген. ҚазАКСР Орталық Ат-қару Комитеті өкімшілік комиссиясының 1921жылғы 26 мамырдағы қаулысы негізінде құрылғаны туралы архивтік құжат.

1922 жылдың 5 шілдесінде –Темір ауданы болыстары негізінде құрылған. Оған 31 болыс, оның ішінде Бабатай, Жекенді,Жетікөл, №4 Қазбек ауылы, Қайыңды ауылы, Қаракемер. Құмды-Ойыл /Ойыл поселкесі/, Бірінші, екінші Ойыл, Тайсойған болыстары кірген.

1925 жылдың 19 ақпанында – Адай уезінің орталығы-Александровск қаласынан Орал қаласына көшіріліп, кейін 1926жылы 13 мамырда қайтадан форт Александровск қаласына көшірілді. 1927жылғы 14 мамыр айында – Адай уезінің Қазбек, Ойыл және Ембі-Сағыз болыстарының негізінде Ойыл Адай округінің орталығы болды. 1928 жылы қайта ыдыраған. 1929 жылдың 10 сәуірінде Адай округі таратылып, Алтықарасу және Ойыл аудандары Ақтөбе округінің құрамына еңгізілген.

1930жылдың 17 желтоқсанда Бүкілодақтық атқару комитетінің 1930жылғы 23 шілдедегі қаулысының негізінде таратылып, ірілендіріп қайта құрылған кезде Алтықарасу ауданы Ойыл ауданына, ал Ойыл ауданының бір бөлігі Дос-сор ауданына қосылған.

1930жылдың 17 қыркүйек айында – Ақтөбе облысы құра-мына қараған. Ойыл ауданы облыстың батысына орна-ласқан, Атырау, Орал облыстарымен шекаралас. Жер көлемі 11,4ш.км, Аудан орталығы 7 ауылдық округке бөлінген аудан болып құрылған.

1960 жылдары ауданымыз өкімшілік басқару бөлінісі жөнінде түрлі өзгерістерге ұшырап отырған. Бірде Темір өндірістік басқармасына бағынып, аудандарды ірілендіру саясаты жүрген кезде, Қобда ауданына қосылып, аудан ыдырап кеткен.

1965 жылы аудан негізінен текті үлкен шаруашылықтар-дан Саралжын, Октябрь, Жетікөл, Ойыл, Қайыңды, Бер-сиев және Құрманов атындағы совхоздардан құралып, кейін аудан тағыда территориялық бөлініске түседі. Қайың-ды совхозының бір бөлігі және Октябрь (Қазіргі Алтықарасу елді мекені) Темір ауданының құрамына берілген.

Ғасыр басындағы бүкіл жарты шарды жайлаған «ком-мунизм елесі» қазақ даласын да намыстың жалына жар-мастырып, бір көтерілсе жуық маңда басыла алмайтын «далалық» аңғал да адуын мінезін ере түргелгткен тұста, Ойыл өңірі «алаш, алаш» деп ұрандаған зиялы шоғырдың тү тіккен өңірлерінің бірін айналды.

XX ғасырдың басындағы саяси ахуал осыдан үш ғасырдай бұрын өзінің мемлекеттілік құрылымынан айырылып қалған қазақ халқын қайтадан етек-жеңін жинап, ерікті мемлекет құруға ұлтпендірді. Қазақ көсемдерінің бірі Ә.Бөкейханұлы айтқандай: «Россия іріп-шіріп жатыр, бір аяғы жерде, бір аяғы көрде, не болары белгісіз... мұндай лайсан заманда закон жоқ, қорғалатын пана жоқ, Әркім өзін-өзі қорғайды. Әуелі өлмеске, екінші мал-мүлкімізді талауға бермеске, үшінші осы лаңғын ішіне кірмеске қолдан келген күшкімізді, ісімізді сарп етерге керек еді». Сондықтан сол күндерде Орынборда шоғырланған зиялы топ бүкілқазақ сьезін шақыру, болашақ қазақ мемлекетін басқартын Ұлт Кеңесін құру туралы Үндеу тастады. Схезд 1917 жылғы 5 желтоқсанда Орынбор қаласында ашылды. Ол ең негізгі мәселе – ұлттық автономия құру мәселесінде ортақ бір мәмілеге келе алмады. Автономияның құрыл-ғанын бірден қайылыау керек пе, жоқ өлде еліптің артын бағып, жойлай күнді күту керек пе? Алашорда Түркістан республикасындағы қазақтарды өзіне тарта ала ма? Айтыс осы мәселе төңірегінде өрбіді. Ақыры, «егер Түркістан қаза-ғы бір айда бізге қосылса, автономияны қашан иглан ету ықтияры Алашордаға берілісін» деген шешім қабылданды.

Мұның алдында 1917 жылғы сәуірде Орал қазақтары бірінші съезін өткізген еді. Бұл бірлiгуге басталған алғашқы қадам болатын. Бұл бірлiгуге басталған алғашқы қадам болатын. Осыдан үш айдан кейiн Ойылда, Көкжар жәр-меңкесінде өткізілген екінші облыстық съезд қазақтың тұң-ғыш жергілікті басқару органы – Жайық сырты земство управасын сайлады. Сөйтіп, оралдықтар бірінші және екінші жалпы қазақ съезіне дейін-ақ басқару және атқару-шы билікті іс жүзінде жүзеге асырып қойған еді.

Облыстық үшінші съезд 1918 жылғы қаңтарда Қаратө-беде өтті. Бұл кезде облыстық қазақ комитеті большевизм-нен де, казактардан да іргесін аулақ салып, дербес автоно-миялық құрылымға бет бұрған-ды. Осы съезден кейін іле-шала, яғни 1918 жылы 18 мамырда Жымпитыда шақырыл-ған төртінші съезд бұл мәселені түпкілікті шешті. Съезге Лбищенск, Ойыл, Орал уездерінен өкілдер қатысты. Онда Алашорданың уақытша құрылғы үкіметі ретінде Ойыл уәлая-тын құру, казактармен жасалған шартты бекіту, халық милли-циясын ұйымдастыру, өртүрлі алымдар жинау және Ойыл мен Жымпитыда әскери мектептер ашу және т.б. мәселе-лер талқыланды.

Жаңа үкімет құрылды, ол ресми түрде «Ойыл уалая-тының уақытша үкіметі» деп аталды. Өлке танушылар

Т.Құсайын мен М.Тәжімұратов айтқандай: «Ойыл уалаяты аумағына кейбір зерттеушілер шатастырып жүргендей Бөкей, Маңғышлақ, Ақтөбе атырабы ол кезде кіре қойған жоқ-ты. Жаңа атау Орал өңірін ғана білдіретін-ді.

Уәлаят Жымпиты, Ойыл, Шыңғырлау және Сағыз уез-деріне бөлінді. Ойыл уезін Жанғожа Мергенов басқарды. Уәлаяттың орталығы Жымпитыға орналасты, ал Ойыл уәлаяттық маңызы бар қала саналды.

Бұл өңірде бұған дейін Сырым Датовтың «Халық кеңесі», Жөңгір ханның ішкі орда протектораты сияқты ел басқару үлгілері болған еді. Уәлаят ұстанған европалық демокра-тиялық мемлекеттік тұрпаттағы үлгі басқарудың отбасы-лық, ақсақалдық түзілімін жойып жіберген жоқ, қайта оны толық қабылдай отырып замана ағысына сай жаңа сипат-тарымен жетілдіріле түсті. Жоғары орган-уәлаят құрыл-тайының, халық сайлайтын басқару органы – земство управасының, мемлекеттік орган құратын атқару органы – уақытша үкіметтің, жергілікті өзін-өзі басқару органдары – ауылдық, облыстық уездік, земство комитеттерінің құрылуы осының дәлелі.

Жаңа үкімет ұлттық әскерін жасақтауға ерекше күш салды. 1918 жылғы шілдеде Жымпитыда прапорщиктер, Ойылда юнкерлер дайындайтын мектептер ашылды. Уәлаят, тіпті 1918 жылдың күзінде-ақ Жымпитыда Қазақ земство банкін ашып, өздерінің ұлттық ақшасын шығаруға да талаптанды. Өйткені Войсковой үкімет пен Омбы үкіметінің қағаз ақшасы күнделікті ақша айналымын қанағаттандыра алмады. Бірақ бұған уәлаяттың полигра-фиялық қуаты жетпеді.Ол М.Мәметованың өкесі, белгілі қоғам қайраткері, ақын Ахмет Мәметовтың редактор-лығымен Ойылда шығатын «Еркін қазақ» газетін, өртүрлі бланк-күелік қағаздарын бастырудан аспады. Оралдық өлкетанушы Г.Васильевтің пайымдауынша, уәлаят ақшасы 1927 жылғы шыққан Чучиннің Бон каталогына енген.

Аз уақытта осындай бірсыпыра елі таппыныстар жасал-ғанмен ел ішіндегі дүрбелең, біресе олай, біресе бұлай ұйытқы соққан замана желі халық санасындағы қалың бұлтты сөйлітуге мүмкіндік бермеді. Саяси оқиғалар шиеленісе түсті, ал жер қашықтығы байланыстың қиын-дығы Алашорда үкіметінің жаңа шешім қабылдауын жеделдетті. 1918 жылғы 11 қыркүйектегі мәжілісінде Алаш-орда үкіметі Ойыл уәлаятының уақытша үкіметін таратып, оның орнына Алаш автономиясының батыс бөлігін басқару жөніндегі бөлімшесін құрды. Бөлімшенің төрағасы болып Жаңаша Досмұхамедов сайланды. Оның құрамына Бөкей ордасының Орал облысы /Ойыл уәлаяты/, Маңғыстау уезі, Торғай облысының Ақтөбе және Ырғыз уездері кірді.

Алаш басшыларының 1917 жылдың қарашасынан бастап ұлттық мемлекет құруға бағытталған арман-мұраты 1919 жылдың соңына қарай Кеңес өкіметімен келіссөз жүргізуімен аяқталды. Ойыл уалаятының уақытша тар-атылғаннан кейін де, яғни Құнбатық Алашорда басшылары-ның Кеңес өкіметі жағына шығуы кезінде ресімделген құжаттарда кездеседі. Демек, 1920 жылдың бас кезіне дейін мұндай бөлініс сақталған.

Ал Ойыл уезінің немесе Ойыл ауданының тарихын қай кезден бастауға болады. Қазақ КСР ішкі істер министрлігі Мұрағат басқармасының 1959 жылы жарық көрген анық-тамалығында Қазақстанның 1920 жылғы тамыз және 1936 жылғы желтоқсан аралығындағы өкімшілік-аумақтық бөлінісі жөнінде нақты деректер келтірілген. Сол анықтамалық бойынша Қазақ АКСР Орталық Атқару Комитеті 1920 жылғы 11 желтоқсандағы 1 сессиясында Орынбор-Торғай губерниясын төрт губернияға бөлу туралы шешім қабыл-дағанмен, содан дәл бір жыл өткен соң, яғни 1921 жылғы 8 желтоқсанда Бүкілодақтық Атқару Комитеті Орынбор-Тор-ғай губерниясын үш губернияға – Ақтөбе, Қостанай және Орынбор губернияларына бөлу жөніндегі шешімді бекітті. 1921 жылғы 12 сәуірде Ақтөбе губерниясы аудандарға бөлініп, оған Ақбұлақ, Ақтөбе, Мохаровск және Темір аудандары қарады. Ойыл ауданының қазіргі аумағындағы елді мекендер 20-жылдардың бас кезінде негізінен Ақбұлақ және Темір аудандарының құрамында болды.

Ақбұлақ ауданы 1922 жылғы 5 шілдеде уезд болып қайта құрылды. Оған Ақбұлақ, Астрахань, Бабатай, Ақсу /Бело-водск/, Жиренқола, Елек, Қайыңды, Калинин, Қарағанды, Қиыл-Ойыл, Николаев, Ново-Алексеев, Новонадеждинск, Петропавл, Преображенск, Сазды, Тамды, Томарөткел, Түзтөбе, Харьков, Қобда және Жайсаң болыстары кірді.

Темір уезді де Ақбұлақ уезі сияқты 1922 жылғы 5 шілдеде Темір ауданы болыстарының негізінде құрылды. Оған 31 болыс, оның ішінде Бабатай, Жекенді, Жетікөл, №4 Қазбек ауылы, №4 Қайыңды ауылы, Қаракемер, Құмды-Ойыл, Ойыл /Ойыл поселкесі/, бірінші Ойыл, екінші Ойыл, Тай-сойған болыстары кірді.

Орал губерниясы Кеңестердің 1920 жылғы 12 қазандағы 1 құрылтай съезінің шешімімен құрылды. Оның құрамына 6 уезд: Гурьев /20 болыс/, Жымпиты /23 болыс/, Елек /31 болыс/, Калмыков /18 болыс/, Ойыл /14 болыс/, Орал /27 болыс/ уездері кірді. Ойыл уезі оның алдында 1920 жылғы 2 мамырда Торғай облысы Темір уезінің болыстарынан құралған болатын. 1921 жылғы 19 қарашада ҚазақКСР Орталық Атқару Комитеті Өкімшілік комиссиясының 1921 жылғы 26 мамырдағы қаулысымен Ақтөбе губерниясының құрамына кіргізіліп, 14 болыстан тұратын Ойыл ауданы бо-лып қайта құрылды. Ауданың орталығы Ойыл қаласында орналастырылды. Ауданға Ақсу /Беловодск/, Жекенді, Жетікөл, Қазбек, Қайыңды, Қарағанды, Қиыл-Ойыл, Новонадеждинск, Преображенск, Романовск, Тайсойған, Бірінші Ойыл, екінші Ойыл, Шиповск болыстары қарады. Бір жылға жетпейтін уақыттан кейін, яғни 1922 жылғы 27 шілдеде аудан таратылды. Ақсу /Беловодск/, Қайыңды, Қарағанды, Қиыл-Ойыл, Новонадеждинск, Преображенск болыстары Ақбұлақ ауданына, Жекенді, Жетікөл, Қазбек, Тайсойған, бірінші Ойыл, екінші Ойыл болыстары Темір ауданына қосылды.

Ойыл ауданының тарихы Адай уезінің /Адай округінің/ және Алтықарасу ауданының тарихымен де тығыз байланысты. Әсіресе, Адай уезінің құрамында болған кезең ойылдықтар үшін де ауырталпықты мол, қыстапан кезең еді. Олай болмауы мүмкін де емес-ті. Өйткені өлкедегі Алашорда көтерген еркіндік түсі ресми түрде жылғыланмен зиялы шоғыр оны санада тұмардай сақтаған, жаңа өкімет қызыл туды ресми көтергенмен ол қалың көпшіліктің рухани суранысын қанағаттандырмай, әуре-сарсаңға түсірген бұлыңғыр-бұлдыр тіршілік көңілге ертеңгі өмірдің қуанышына жетелейтіндей берік сенім ұялата қоймады. Және аумақтық бөліністің де, өкімшілік бөліністің де аражігі толық ажыратылмай, сонымен бірге өкімшілік-аумақтық деп біртұтас аталғанмен сол тұтастықтың өзі шартты түрде болмаса, іс жүзінде қазіргідей бөлініске сия қызмет ете алмайтын еді. Қалай қызмет етеді, Адай уезінің орталығы біресе Ойыл қаласына, біресе сонау Маңғыстау жарты аралына, Каспий жағалауындағы Александровск /бұрынғы форт Урицкий, қазіргі форт Шевченко/ фортына көшіріліп, ортадағы басқа да уездерді жарытпай қалты ұзыннан-ұзақ созылған кең аймақтағы дүрбелеңді өмірді бақылау, басқарып, тиісті арнаға түсіру тіпті де мүмкін емес-ті. Бір ғана мысал төтенше комиссар Ә.Жангелдиннің белгілі Шалқар сапарына Адай елінің белдеді де белді адамы, жергілікті «ханы» Тобанияз Әлниязов көмек көрсетті. Оны Маңғыстау уезінің революциялық комитетінің төрағасы етіп қалай сайлағаны туралы Ә.Жангелдин өз естелігінде былай дейді: «Маңғыстау уезінің халқы Қаратөбеде шақырылған жиналысында менен Совет үкіметін орнатуды сұрады. Мен үкімет құрып, оның ревком председателі етіп Әлниязов Тобаниязды тағайындадым.» Осыдан-ақ жергілікті жерде саяси ахуалдың қалай болғанын, жаңа үкімет құру мен оның басшылығын сайлау ресімінің қалай өткенін байқау қиын емес.

Нақ осы кезеңде фортта қызыл форт өз ревкомын құрды. Олар Баку мен Астраханға қарағыштап, солардың сойы-лын соғатынын байқатты. Маңғыстау жарты аралының Түркістан республикасының Закаспий облысына қарай-тынын желеу етіп, зақаспийліктер де өздерінің револю-циялық комитетін жариялады. Форттағы Совден пен Мус-

кең де /мұсылмандар кеңесі/ өз ықпалдарын жүргізуге тырысты. Ал қыр қазақтары Ә.Жангелдин құрған рево-люциялық комитетті қолдады.

Мемлекеттік құрылымның тұрақсыздығы түбекте ел бас-қару ісін қиындатты. Оның үстіне Хиуа хандығы аласа-пыран уақытты пайдаланып, орыстың қол астынан дербес бөлініп шығуды, Маңғыстауды қосып ала кетуді ойлап, қарақшыдық әрекеттерін күшейтті. Адай /Маңғыстау/ уездік ревкомы Кеңес үкіметінен осы қарақшылықтан қорғауды өтінді. Осыған орай Ә.Жангелдин 1919 жылғы 14 наурызда Ресей Халық Комиссарлар Кеңесінің алқасына былай деп жазды: «Осы жерде түрікмен қарақшыларының жиі шапқыншылық жасап өйелдері мен қыздарын құлдыққа алып кететінін естіп білген соң Хиуаға түркмендердің бұдай былай байғұс қырғыздарды /қазақтарды/ келешекте мазаламауын талап етіп бұйрық жібердім. Менің талабым орындалмаған жағдайда Россия республикасының әскери күшінің түрікмендердің аламан қарақшыларына қарсы тұратынын ескерттім».

Зақаспий облысының өз ревкомын құрғанын естігеннен кейін Адай ревкомының өтініші бойынша Қазақ ревкомы 1920 жылғы 29 наурызда «Адайларды басқарудың уақытша ережесін» шығарды. Бұл ереже бойынша Маң-ғыстауға Қазақ өлкелік ревкомының құрамында ревкомның төтенше өкілі, өлкелік төтенше комиссияның өкілі, Орал облыстық және губерниялық комитетінің бір өкілі бар айрықша комиссия жіберу көзделді. Осы комиссия 1920 жылғы жаздың бас кезінде Ойылға келіп, 11-15 маусымда көшпелі Адай-Табын елінің 1 Кеңестер съезін шақырды. Съезд жұмысына Қазақ өлкелік революциялық комитетінің жауапты өкілдері Губайдолла Әлібеков /Х.Есенжановтың «Ақ Жайық» романындағы ағайынды Жүнісовтардың үлкені/ пен РКП /б/ Орал обкомынан М.Мырзағалиев қатысты. Съезд төрағалығына Т.Әлниязов сайланды. Съезде: Кеңес үкіметінің саясаты; Адай ревкомы; елді бірінші кезектегі қажетті тауарлармен қамту, көшпелілер мен отырықшы қазақтардың қарым-қатынасын реттеу, халық милициясын ұйымдастырып, қазақтардан ерікті қызыл армия бөлімдерін құру; Бүкілқазақтық съезд шақыру, т.б. мәселелер қаралды.

Ойылда өткен осы съезден кейін Адай ревкомының деле-гациясы Орынборға келеді. Қазақ революциялық комитеті 3 шілдеде Түркістан Орталық Атқару Комитетінің төрағасы Т.Рысқұловқа жеделхат жолдап, бұрын Түркістанға қарап келген адайлардың Қырғыз республикасына қарағысы келетін талаптарының заңдылығын дәлелдейді. Соның ізінше Қазревком комиссия төрағасы Ф.Әлібековтың баяндамасын тыңдап, сол бойынша Адай әскер полкін ұйымдастыру мәселесін анықтау, Адай уезінің шекарасын белгілеп, ревком ұстауға қаржы бөлуге қаулы алады. Сөйтіп, Қазақ үкіметі ресми түрде Адай ревкомын өздеріне бағынатыны елдің басшы органы ретінде таныды. Сол жылдың тамызында Мескеудің Маңғыстау уезін /оған қоса Красноводск уезінің болысын/ Қырғыз өлкесіне қосу туралы қаулысы шықты. Форттағы құйқасты ревком таратылды. Сол жылы Адай елі Тобаниязды Орынбордағы Бүкілқазақ-тық І съезіне салтанатпен шығарып салды /Ә.Спанов. «Тобанияз»/.

Дегенмен хиуалықтардың Маңғыстауға жасаған қарақ-шылық әрекеттері Ә.Жангелдиннің бұйрығынан кейін де тоқтаған жоқ. Сондықтан Түркістан майданы 1 армиясы штабы бастығының 1920 жылғы 28 наурызда Т.Әлниязов атына шығарған № 1213 құпия нұсқауын негізге ала отырып, Қазақ революциялық комитетінің өкілі Т.Әлниязов-қа арнаулы жасақ құрып, дербес өз билігімен қорғанысқа көшуге, әскери қимылдар жүргізуге құқық беретін мандат табыс етті. Осы 1716 нөмірлі мандаттың соңына: «РСФСР. Адай уездік ревкомы. 10 шілде 1920 жыл. №2 Ойыл қала-сы.» деген сөздер жазылған. Демек, мандат Ойыл қаласында толтырылған.

Жоғарыдағы деректерге қарағанда Ойыл қаласы Адай уезіне қатысты тарихи оқиғалардан да орталығы болғанға ұқсайды. Өрине, өлкемізді тереңірек танап түсуге қажетті, өзірге бізге белгісіз деректер өлі де жетіп атрылады. Мысалы, Т.Әлниязов басқарған Адай ревкомы мен С.Құрманов басқарған Ойыл ревкомының ара-қатынасын зерделеу көп жайттердің бетін ашар еді. Алайда, біз бұл жолы бір мақала аясына сия қоймайтын, бұл тақырыпты әдейі қозғамай, Ойыл ауданының өкімшілік-аумақтық бөлінісін қамтитын жекелеген деректерді ғана алға тартып отырмыз. Т.Әлниязов басқарған Адай уезіне неліктен кеңінен тоқталдық. Өйткені, ол мақала тақырыбына орай, Ойыл ауданының өкімшілік-аумақтық құрамын сол кезеңде, сол аумақтағы саяси оқиғалар аясында зерделеуге мүмкіндік береді. Аңырақай айқасы неліктен өлі күнге дейін ұлттық рухымыздыз асқақтатады. Бірақ «күшті күшітілігін істейді» деген қарапайым қағиданың да ақиқаттығын мойындамауға болмайды. Әйтпесе, Сібірден ескен желдің де табиғи жан саламалыдай болып соғатынын немен түсіндіреміз.

«Еділдің бойын алғаны, Етекке қолды салғаны. Ойылды келіп алғаны,

Ойындағысы болғаны»,»- деп Мұрат Мөңкеұлындай толғаған шайырлар дүниеден аз өтті ме? Ері еліп, жерін сүйетінін тек Аңырақай айқастарымен ғана дәлелдеуі керек пе екен? Қан төкпей-ақ бүкіл Маңғыстау жарты аралының хиуалықтардың қарауына етіп кетуінен сақтан қалған Ойыл съезінің мәнін санада сараладық па? Аласапыран кезде бір сәттік, бір кезеңдік оқиғалар аясында шырмалып қалмай ертеңі үшін дәл уақытында сергек те батыл әрекет еткен Т.Әлниязов бастаған Маңғыстау /Адай/ ревкомының ерлігін бүгінгі ұрпақ біле ме? Білмесе неге білдірмеске. Міне, мәселе қайда. Оқиға кейін қалай өрбіді? 1924 жылғы 10 қарашада Урицкий қаласы форт Александровск қаласы қаласы деп аталды. 1925 жылғы 19 ақпанда Адай уезінің орталығы осы Александровск қаласынан Ойыл қаласына, 1926 жылғы 13 мамырда қайтадан форт Александровск қаласына көшірілді. 1927 жылғы 14 мамырда Адай уезінің Қазбек, Ойыл және Ембі-Сағыз болыстарының негізінде Ойыл ауданы құрылды, бірақ ол келесі 1928 жылы қайтадан таратылды. Нак осы жылдың 17 қаңтарында Темір ауданы да таратылып, оның болыстары Ақтөбе ауданы мен Адай округіне берілді.

Адай округі 1927 жылғы 28 маусымда Адай уезінің болыс-тары негізінде құрылды. Ә.Бөкейханның «Адай уезінің қазақтары» деген еңбегіне сүйене айтқанда Адай округінің құрамына бес аудан: Маңғыстау, Үстірт-Сам, Табын, Алты-қарасу, Ойыл аудандары, сондай-ақ Қайыңды, Құмды-Ойыл, Жиделі-Сағыз және Ақтөбе губерниясының бұрынғы Темір уезінің Ембі-Байсары болысының бір бөлігі кірді. Адай уезінде 1925 жылғы мәлімет бойынша 127798, ал 1928 жылғы мәлімет бойынша 170 мыңнан астам адам бол-ған. 1928 жылғы 17 қаңтарда аудандар таратылып, 1, 2, 3- Адай, Тайсойған, Сағыз, 1 Түркіменадаш, Шілі-Сағыз болыстары – Ойыл, 4, 6, 7-Адай және Келімберді болыс-тары – Үстірт-Сам, Өлімбет, 1, 2, 3, 4-Бозашы, Жеменей, 1 және 2 Маңғыстау, Райымберді, 2-Түркіменадаш және Тұлқараған болыстары – Маңғыстау, Доңызтау-Аққолқа, Саматай, Ұлыасм болыстары – Табын ауданы болып құрылды.

1929 жылғы Адай округі таратылып, Маңғыстау ауданы Гурьев округіне, Үстірт-Сам ауданы таратылып, бұрынғы Келімберді болысымен коса Жылояға, 4, 5, 6, 7 болыстар Қарақалпақстанның Қоңырат ауданынан берілді.

1928 жылғы 17 қаңтарда Темір ауданы таратылған кезде Жиделі-Сағыз, Қайыңды, Құмды-Ойыл болыстары негіз-інде Алтықарасу ауданы құрылған еді. Бүкілодақтық Ат-қару Комитетінің 1930 жылы 23 шілдедегі қаулысымен аудандар ірілендірілген тұста Алтықарасу ауданы Ойыл ауданының құрамына енгізіліп, Ойыл ауданының бір бөлігі Доссор ауданына берілді.

Ойыл ауданының 1930 жылға дейінгі өкімшілік-аумақтық бөлінісінің тарихы, қысқаша айтқанда, міне осындай.

Сырым БАҚТЫГЕРЕЕВ,
Ойыл ауданының құрметті азаматы, журналист.

1 НАУРЫЗ БҮКІЛӘЛЕМДІК АЗАМАТТЫҚ ҚОРҒАНЫС КҮНІ

Халықаралық азаматтық қорғаныс ұйымы (ХАҚҰ) Бас ассамблеясының бұрыштамасына сәйкес жыл сайын 1 наурыз Бүкіләлемдік азаматтық қорғаныс күні болып аталып өтіледі.

Бұл күннің тарихы 1931 жылы Женева аймағы қауымдастығы деп аталатын, яғни өлемнің барлық елдерінде жергілікті аймақ қауіпсіздігін құру туралы халықаралық келісімдерге қол қоюмен басталды. Бүкіләлемдік азаматтық қорғаныс күні табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу өрекетінде мемлекеттің координациясына, оған тұрғындарды дайындауға, мүмкін болатын шұғыл жағдайларға ұлттық төтенше жағдайлар қызметтерін үйлестіруге бағытталған маңызды халықаралық акция болып табылады. Азаматтық қорғаныстың алғашқы мақсаты бейбіт халықты әскери іс-қимылдар жағдайында қорғау болады. Қазіргі таңда қарапайым азаматтың ұғымында, азаматтық қорғаныс - тек қана әскери уақыттың символы ретінде қабылданады. Өкінішке орай, бейбіт уақытта да техногендік апаттардың, табиғи катаклизмдердің, халықаралық терроризмнің салдары болып табылатын көптеген төтенше жағдайлар орын алады. Азаматтық қорғаныс қызметінің ауыр міндеті - бұл оқиғалардың алдын алу және салдарын жою ғана емес, сондай-ақ осындай жағдайда өзін қалай ұстау керектігі туралы халық арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізу болып табылады. Өлемнің 50-ден астам мемлекеті өз



елдерінде қауіпсіздік аймағын құру үшін бірігуді ұйғарды, 20 ел оларға бақылаушы ретінде қосылды. Бірлескен күш-жігердің нәтижесі ретінде 1972 жылғы 1 наурызда Халықаралық Азаматтық қорғаныс ұйымы құрылды, ал ұйымды құру туралы құжатқа қол қою күні Дүниежүзілік Азаматтық қорғаныс күні ретінде мерекеленді.

Жыл сайын Бүкіл өлемдік азаматтық қорғаныс күні нақты ұранмен аталып өтіледі. Оның биылғы жылғы таңдалған тақырыбы: «Ұлттық экономиканы сақтау күшті Азаматтық қорғаныс». Өзге жанды құтқару үшін өз өміріңді тәуекелге тігу оңай емес. Құтқарушының әрбір жұмыс күні ерлікке пара-пар. Дегенмен, бұл жерде көзсіз батылдықтан гөрі көсіби біліктілік қажет. Осыған байланысты Бүкіләлемдік Азаматтық қорғаныс

күнінің шеңберінде ағымдағы жылдың 1 наурызынан бастап 30 наурызына дейін аудандық Төтенше жағдайлар бөлімімен №18 Өрт сөндіру бөлімі «Ашық есік күндерін», оқу орындарында интерактивті сабақтар, дәрістер мен сұхбаттар өткізеді. Сонымен қатар әр айдың екінші сисенбісінде аудан орталығында С-40 сиренасының қосылуымен аудан тұрғындарын құлақтандыру жаттығуы өткізіліп тұрады.

Бұл шаралардың басты мақсаты — азаматтық қорғау саласындағы білімді насихаттау, апатқа ұшыраған адамдардың өмірін құтқару және денсаулығын сақтау. Адам өмірі — басты құндылық екенін естен шығармайық!

Т.БАҚТЫГЕРЕЕВ,
Ойыл ауданының
ТЖБ бастығы.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ТЕКСЕРУЛЕРГЕ ЖӘНЕ ПРОФИЛАКТИКАЛЫҚ БАҚЫЛАУ МЕН ҚАДАҒАЛАУДЫ БАРЫП ЖҮРПЗУГЕ МОРАТОРИЙ ЕНПЗУ ТУРАЛЫ

ҚР шағын кәсіпкерлікті, оның ішінде микрокәсіпкерлікті дамыту үшін жағдайды жақсарту мақсатында Қазақстан Республикасы Президентінің 26.12.2019 жылғы №229 Жарлығы шықты. Аталған жарлықтың 1 тармағында орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдар 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап 2023 жылғы 1 қаңтарға дейін шағын кәсіпкерлік субъектілерін, оның ішінде микрокәсіпкерлік субъектілерін тексерулерді және профилактикалық бақылау мен қадағалауды барып жүргізуді тоқтатын делінген. Аталған мараторий төмендегі тексерулерге қолданылмайды:

1) халықтың өмірі мен денсаулығына, қоршаған ортаға, заңдылық пен қоғамдық тәртіпке ықтимал түрде жаппай қатер, конституциялық құрылысқа және ұлттық қауіпсіздікке тура немесе тікелей қатер төндіретін бұзушылықтарды болдырмауға немесе жоюға бағытталған, сондай-ақ «Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы» 2003 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республика-

сының Заңында көзделген негіздер бойынша жүргізілетін тексерулер;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасында, белгіленген талаптарды бұзу фактілерінің туындау себептерін анықтау үшін, бақылау мен қадағалаудың нақты субъектісіне (объектісі) қатысты нақты факті бойынша бір жоспардан тыс тексеру жеткіліксіз және осы нақты фактіге байланысты өзге де субъектілерге қатысты бақылау мен қадағалау талап етілетін жағдайларда осы тармақтың 1) тармақшасына сәйкес тексерулер;

3) өз қызметіне қатысты кәсіпкерлік субъектілерінің өтініштері негізінде, оның ішінде «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» 2014 жылғы 16 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес рұқсат алуға арналған өтініш бойынша тексерулер және профилактикалық бақылауды барып жүргізу;

4) 2014 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінде көзделген негіздер бойынша тексерулер;

5) Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республи-

касы Бас Прокурорының тапсырмасы бойынша прокуратура органдарының тексерулері;

6) кедендік тексерулер;

7) қарсы салықтық тексерулер;

8) салық төлеуші мен оның дебиторлары арасындағы өзара есеп айырысуды айқындау, салық органдарында тіркеу есебіне қою, касса бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы салық органы шығарған өкімдерді орындау мәселелері бойынша тақырыптық салықтық тексерулер;

9) халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттығы саласында өнім қауіпсіздігінің мониторингін жүзеге асыру үшін өнімді іріктеу және оған санитариялық-эпидемиологиялық сараптама жасау мақсатындағы профилактикалық қадағалауды барып жүргізу;

10) Қазақстан Республикасының сәйкестікті бағалау саласындағы аккредиттеу туралы заңнамасының сақталуын тексерулер және профилактикалық бақылауды барып жүргізу;

11) жер қойнауын пайдаланушылар;

ЕКПЕ ЕГУ БАСТАЛАДЫ

Біз індетке қарсы әлемдік тәжірибені қолданып отырымыз. Вакцина — пандемияға жеңудің жалғыз сенімді жолы. Адамға вакцина салу корона-вирускa қарсы иммунитет қалыпта-сып, онымен ауырмас үшін керек. Қазір дүниежүзінде вакцинаның кли-никалық сынақтан өтіп жатқан 30 түрі, клиникалық сынаққа дейінгі кезеңдегі 139 түрі бар.

Вакцина егу вакцинаның келіп түсуіне байланысты кезең-кезеңмен жүзеге асырылады. Бұл ретте бірінші кезекте, коронавирустық инфекцияны жұқтыру және тарату тәуекелі жоғары халықтың осал топтары коронавирустық инфекцияға қарсы вакциналауға жатады, одан өрі имундауға жататын халықтың осал топтары қамтылады.

Алғашқы кезеңде инфекциялық аурулар ауруханаларының, жедел медициналық көмек, жан сақтау, қабылдау бөлмелерінің медицина қызметкерлері, санэпидқызмет қызметкерлері вакцинамен қамтылмақ. Екінші кезеңде жалпы білім беретін мектептердің, жоғары оқу орындарының педагогтары, бірінші кезеңге кірмеген медициналық қызмет қызметкерлері вакциналанады. Үшінші кезеңде мектеп-интернаттардың, мектепке дейінгі мекемелердің педагогтары, студенттер мен созылмалы аурулары бар адамдар қамтылады. Сонымен қатар ТЖМ, ІІМ, Қорғаныс министрлігі, ҰҚК, Мемлекеттік күзет қызметінің қызметкерлерін және халықтың басқа да осал топтарын қамту арқылы контингентті көбейту жоспарланады. Халықтың осал топтары үшін коронавирустық инфекцияға қарсы вакцина егу тегін.

Қарсы көрсетілімдерді анықтау үшін вакцинаның көрсетілімдері, қарсы көрсетілімдері, иммунизациядан кейінгі ықтимал көріністері, вакцинаны енгізу және сақтау және тасы-

малдау шарттары туралы толық мәліметтері бар нұсқаулық талап етіледі. Осыған байланысты қарсы көрсетілімдерді қазіргі уақытта тізіп шығу мүмкін емес. Кез келген вакцинаны қабылдаған кезде адамның организмі имунитетті қалыптастыратынын, сондай-ақ имундаудан кейін дене температурасының қысқа мерзімді жоғарылайтыны, ал екпе орнының қызаруы, не ісінуі мүмкін екендігі сияқты көріністердің пайда болатынын айта кеткен жөн.

Медицина қызметкерлері кез-келген вакцинаны салмас бұрын адамның аллергиясы бар-жоғын анықтайды. Егер ауыр аллергиялық ауру болса, адамға вакцина салу медициналық тұрғыдан бас тартылады. Бұл ретте аллергиялық реакцияны болжау мүмкін емес, себебі әрбір адамның организмі өртүрлі. Уақытылы ден қою үшін адам вакцина алғаннан кейін алғашқы 30 минут ішінде (медициналық мекеменің қабырғасында) дәрігердің бақылауында болуы керек. Дәл осы аралықта вакцинаға аллергиялық реакция болуы мүмкін.

Вакцина алған барлық адамдар алғашқы 30 минут бойы медициналық мекеменің қабырғасында, дәрігердің бақылауында болады. Ордан өрі 3 күн бойы тіркелген жерлері бойынша уаскелік дәрігерлердің бақылауында болады. Бұдан басқа, вакцина алған әрбір адамның қолына вакцинаның ықтимал кері әсерлері көрсетілген және мұндай әсерлер орын алған жағдайда хабарласа алатын емхана-лардың телефон нөмірлері көрсетілген арнайы жаджымама беріледі.

«Спутник V» вакцинасын 18 жасқа дейінгі балаларға қолдануға болмайды. Екпені тек елімізде көмектете-малған және 60 жасқа дейінгі азамат-тар ғана ала алады. Қазақстанда өндірілген вакцина қазіргі уақытта

клиникалық сынақтың 3-ші кезеңінен өтуде. Бүгінгі күні отандық вакцина жөніндегі бекітілген нұсқаулық жоқ, сондықтан вакцина бойынша контингені анықталаду.

Коронавирускa қарсы вакцинаны 21 күндік аралықпен екі кезеңмен енгізу керек. Бірінші дозa антиденелердің аз мөлшерін өндіруге байланысты қысқа қорықсeңдер есерін береді. Екінші дозa біріншісінің өсерін күшейтеді және нығайтады, адам организміндегі анти-денелер саны артады.

Вакциналаудың электронды паспорты дегеніміз – бұл вакцинаның медициналық тарихы. Бұл вакцина қабылдайтын халықты бақылау және мониторинг жүргізу және үздіксіз жүргізу үшін денсаулық сақтау саласындағы негізгі модуль (функционал-дылық). Қазіргі уақытта вакциналаудың электронды паспортын өзірлеу аяқталып келеді. Паспорттың жұмыс қабілеттілігі медицина қызметкерлері үшін Денсаулық сақтау министрлігінің ақпараттық ресурстары арқылы, ал пациенттер үшін – eGov Mobile мобилдік қосымшасында қолжетімді болады. Вакциналаудың электронды паспорты азамат туралы, ол алған вакцинаның түрі, вакциналық ем-шараның кезеңділігі, сондай-ақ вакциналаудан кейінгі кезеңдегі бақылау туралы ақпарат қамтылады.

Қазақстан Республикасында бірде-бір вакциналау адамды чиптеумен байланысты емес. Вакцина жасамас бұрын әрбір адам вакцина құрамы туралы ақпарат беретін нұсқаулықпен танысуға құқылы.

Ж.МОЛДАШҚАЛИҚЫЗЫ,
Эпидемиолог дәрігері.

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі Байланыс, Ақпараттандыру және Ақпарат комитетінде 2016 жылдың 21 қаңтарында тіркеліп, №15790-Г куәлігі берілген.

8 НАУРЫЗ–ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ӘЙЕЛДЕР КҮНІН МЕРЕКЕЛЕУГЕ ДАЙЫНДЫҚ ЖӘНЕ ОНЫ ӨТКІЗУ ЖӨНІНДЕГІ ОЙЫЛ АУДАНЫ БОЙЫНША ІС-ШАРАЛАР ЖОСПАРЫ

№	Өткізілетін іс-шаралар	Орындалу мерзімі
1.	Мереке қарсаңында ауданымыздағы тыл ардагерлері, алтын алқа иегерлеріне сыйлықтарды, құттықтауларды таратуды ұйымдастыру.	8 – наурыз
2.	Мереке күндері қарсаңында барлық мекеме ұжымдарындағы әйел азаматтарды мерекелерімен салтанатты түрде құттықтаулар мен марапаттар ұйымдастыру	4-7 наурыз
3.	Ауданның барлық білім беру ұйымдары мен Ойыл аграрлық колледжінде мереке қарсаңында мерекелік тақырыптарда «дөңгелек үстелдер» мен ашық тәрбие сағаттарын өткізу	4-7 наурыз аралығы
4.	Халықарапық әйелдер күніне орай барлық ауылдық клубтар мен кітапханаларда «Сарқылмайтын жылылық, ана аты ұлылық», «Ана-ардақты есім», «Аналар - абзал жандар», «Арулар – асыл жандар» атты мерекелік концерттік бағдарламалар, тақырыптық кештер, кездесулер, қыздар арасында арулар байқауларын, «дөңгелек үстелдер» мен оқырмандар конференцияларын ұйымдастыру	4-7 наурыз аралығы
5.	Мереке қарсаңында мүмкіндігі шектеулі жандар мен жалғыз басты әйел азаматтарды қолдау мақсатында қайырылымдылық шараларын ұйымдастыру	4-8 наурыз
6.	Мереке қарсаңында көмекке мұқтаж көп балалы отбасылары мен аз қамтылған отбасыларыға қолдау көрсету, сый-сияпат жасап құттықтаулар ұйымдастыру	4-8 наурыз
7.	«Үлгілі келін» атты 8- Наурыз Халықаралық әйелдер мерекесіне арналған шығармашылық интернет-акция ұйымдастыру	27 ақпан- 7 наурыз аралығы
8.	8 наурыз - Халықаралық әйелдер күні мерекесі қарсаңында «Нұр Отан» партиясына мүше әйел азаматтарға мерекелік құттықтау ұйымдастыру	4-7 наурыз аралығы
9.	Мерекеге орай қыздар арасында ғаламтор арқылы онлайн спорттық шаралар ұйымдастыру	8 наурыз
10.	8 наурыз – Халықаралық әйелдер күніне орай тыл еңбеккерлері, батыр аналар мен «Алтын алқа» иегерлеріне және аз қамтылған көп балалы аналарға арналған «Сарқылмайтын жылылық, ана аты ұлылық» атты салтанатты мерекелік шара ұйымдастыру	8 наурыз
11.	«Ана деген тіршіліктің тірегі» атты ер саланың әйел қызметкерлерімен мерекелік шара ұйымдастыру	5 наурыз
12.	«Ана өмірдің мәні» атты кәсіпкер әйел азаматшалардың қатысуымен дөңгелек үстел ұйымдастыру	5 наурыз сағат: 15.00
13.	«Ана жүрегі», «Анамды іздеймін», «Анаға апарар жол» т.б. отандық кино көрсетілімдер, балаларға арналған мультфильмдер көрсетілімі және жастарға арналған ойын сауық диско кештерін ұйымдастыру	8-9 наурыз

Ауылдық округтерде өткізілетін іс-шаралар		
14.	«Сыйынар ем Ана деген төңірге!» атты мерекелік кеш ұйымдастыру	7 наурыз
15.	«Ана – бақыт, Ана – жыр» ауыл үлкендеріне мерекелік дастархан	8 наурыз
16.	Сапақкөл ауылдық клубында «Аналар асыл жандар атты» меркелік концерт Барлық шақырылған зейнеткер әйелге мерекелік сыйлық ұйымдастыру	7 наурыз
17.	«Ал қанекей, әжелер» сайысын ұйымдастыру	8 наурыз
18.	«Арулар асыл жандар» атты мерекелік концерттік шара ұйымдастыру	8 наурыз
19.	«Ана-ардақты есім» мерекелік концерт ұйымдастыру, ауыл тұрғындарын келуін қамтамасыз ету	8 наурыз
20.	Алтын алқа, күміс алқа иегерлері және көп балалы анарларға арналған «Жан жылуын, Ана сенен табар ем» мерекелік кеш ұйымдастырып, сыйлықтар табыс ету	8 наурыз
21.	«Ана өмірдің шуағы» атты мерекелік концерттік бағдарлама ұйымдастыру	8 наурыз

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ АУМАҒЫНДАҒЫ ШЕКТЕУ КАРАНТИНДІК ШАРАЛАРЫ ТУРАЛЫ

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІ САНИТАРИЯЛЫҚ ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ КОМИТЕТІ АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ САНИТАРИЯЛЫҚ-ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ ДЕПАРТАМЕНТІ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ БАС МЕМЛЕКЕТТІК САНИТАРИЯЛЫҚ ДӘРІГЕРІ ҚАУЛЫ

01.03.2021 ж.	№118ГСВ-7	Ақтөбе қаласы
Ақтөбе облысының аумағындағы шектеу карантиндік шаралары туралы	Ақтөбе облысының тұрғындары арасында COVID-19 (бұдан өрі – COVID-19) коронавирустық инфекцияның таралуының алдын алу мақсатында 2020 жылдың 07 шілдесіндегі «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының Кодексінің 104 бабының 2 тармақшасына, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 25 ақпандағы №130 «Пайда болу және таралу қаупі төнген кезде шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин енгізілетін инфекциялық аурулар тізбесін бекіту туралы» бұйрығына және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 20 наурыз-дағы №239 «Қазақстан Республикасының аумағында шектеу іс-шараларын, оның ішінде карантинді жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына, Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы 25 желтоқсандағы №67 қаулысының 21 қосымшасының талаптарын сақтай отырып, толымдылығы 30 пайыздан аспайтын кезде ас беруге рұқсат етілсін.	
Ақтөбе облысының тұрғындары арасында COVID-19 (бұдан өрі – COVID-19) коронавирустық инфекцияның таралуының алдын алу мақсатында 2020 жылдың 07 шілдесіндегі «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының Кодексінің 104 бабының 2 тармақшасына, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 25 ақпандағы №130 «Пайда болу және таралу қаупі төнген кезде шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин енгізілетін инфекциялық аурулар тізбесін бекіту туралы» бұйрығына, Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы 25 желтоқсандағы №67 қаулысының 21 қосымшасының талаптарын сақтай отырып, толымдылығы 30 пайыздан аспайтын кезде ас беруге рұқсат етілсін.	Ақтөбе облысының тұрғындары арасында COVID-19 (бұдан өрі – COVID-19) коронавирустық инфекцияның таралуының алдын алу мақсатында 2020 жылдың 07 шілдесіндегі «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының Кодексінің 104 бабының 2 тармақшасына, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 20 наурыз-дағы №239 «Қазақстан Республикасының аумағында шектеу іс-шараларын, оның ішінде карантинді жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына, Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы 25 желтоқсандағы №67 қаулысының 22 қосымшасының талаптарын сақтай отырып, жеткізу бойынша қызметтер көрсетуге рұқсат етіледі».	
Ақтөбе облысының тұрғындары арасында COVID-19 (бұдан өрі – COVID-19) коронавирустық инфекцияның таралуының алдын алу мақсатында 2020 жылдың 07 шілдесіндегі «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының Кодексінің 104 бабының 2 тармақшасына, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 25 ақпандағы №130 «Пайда болу және таралу қаупі төнген кезде шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин енгізілетін инфекциялық аурулар тізбесін бекіту туралы» бұйрығына, Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы 25 желтоқсандағы №67 қаулысының 22 қосымшасының талаптарын сақтай отырып, жеткізу бойынша қызметтер көрсетуге рұқсат етіледі».	Ақтөбе облысының тұрғындары арасында COVID-19 (бұдан өрі – COVID-19) коронавирустық инфекцияның таралуының алдын алу мақсатында 2020 жылдың 07 шілдесіндегі «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының Кодексінің 104 бабының 2 тармақшасына, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 20 наурыз-дағы №239 «Қазақстан Республикасының аумағында шектеу іс-шараларын, оның ішінде карантинді жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына, Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы 25 желтоқсандағы №67 қаулысының 22 қосымшасының талаптарын сақтай отырып, жеткізу бойынша қызметтер көрсетуге рұқсат етіледі».	

толықтырылсын:

«Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы 25 желтоқсандағы №67 қаулысының 20 қосымшасындағы талаптарды сақтай отырып, толымдылығы 30 пайыздан аспаған балалардың ойын-сауық орталықтарының (жабық аттракциондардар, ойын алаңдары) жұмыс жасауына рұқсат етілсін».

8) 1.2. тармағының мынадай мазмұндағы 44) тармақшасымен толықтырылсын:

«үшейтілген санитарлық-дезинфекциялық режимді сақтай отырып, кһрмендер мен 20 пайыздан аспайтын спорттық іс-шаралар өткізуге рұқсат етілсін».

9) 1.2. тармағының мынадай мазмұндағы 45) тармақшасымен толықтырылсын:

«Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы 25 желтоқсандағы №67 қаулысының 20 қосымшасындағы талаптарды сақтай отырып, кеңестерді, отырыстарды күндізгі ренжимде өткізуге (оларды қашықтықтан өткізуге мүмкіндік болмаған кезде) рұқсат берілсін».

10) 4 тармағының 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«жалпы білім беру мекемесі әкімшілігінің шешімі бойынша сабақтан тыс уақытта топтарда 15 адамнан аспайтын оқушыларды жеке оқытуға рұқсат етілсін».

2. Ақтөбе облысының ішкі саясат басқармасы қамтамасыз етсін:

2.1. БАҚ және әлеуметтік желілер арқылы Ақтөбе облысының аумағындағы қатаң шектеу және карантиндік шараларды кезең-кезеңімен жұмсарту туралы халықты жаппай хабардар етуді;

2.2. Өзгеріп отырған жағдайды және сыртқатанғандар санының өсуін ескере отырып, БАҚ жұмысын бірінші үлестіругі мен орталықтандыруды.

3. Ақтөбе қаласының және Ақтөбе облысы аудандарының Бас Мемлекеттік санитариялық дәрігерлері тиісті аумақта қалыптасқан эпидемиологиялық жағдайға байланысты карантиндік шараларды құжейту туралы шешім қабылдауға құқылы.

4. Қаулы меншік нысанына қарамастан барлық жеке және заңды тұлғалардың орындауы үшін міндетті.

5. Осы қаулының орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Ақтөбе облысының
Бас Мемлекеттік
санитариялық дәрігері
Н.БЕРКІМБАЕВА.

Газет аптасына бір рет шығады. Таралымы 1767 дана. Тапсырыс №243 Көлемі 1 баспа табақ, индексі 65525

«Хабар-Сервис» ЖШС-нің баспаханасында басылды. Ақтөбе қаласы, Ө. Смағұлов көшесі 9/2. Басылу сапасы жөнінде 400-400 телефонына хабарласуға болады.

БЕКЗАТ - ҚАЗАҚСТАН ЧЕМПИОНЫ!

17 жасында ақ спорт шебері атанған ойылдық жас палуан Бекзат Мұхамбетовтың есімі жерлестеріне жақсы таныс. Оның осындай дәрежеде өнер көрсетуіне марқұм атасы Мұхамбет жол сілтеген болатын.



Қол басындай болғанымен қорғас-
сындай салмақты балғын палуан қазір
өбден ширап қалған. Талай-талай
дүбірлі додаларға қатысып, боз кілем-
де ысылған Бекзаттың Ташкент қала-
сында жасөспірімдер арасында самбо
күресінен өткен өлем чемпионатында
күміс жүлдеге қол жеткізіп, ел-жұртын
сүйсіндіргенін бәріміз де білеміз.
Қазіргі таңда Бекзат Мұхамбетов
Қ.Жұбанов атындағы кәсіби шығарма-
шылық факультетінде «Дене шынық-
тыру және спорт» мамандығының
екінші курсында оқып жатыр. Оның
осы жолда қалыптасуына барын
салып, күрес өнерінің қыр-сырын
үйреткен алғашқы жаттықтырушы-
лары Азат Шерниязов пен Тимур
Қалниязов. Бүгінде самбо күресінен
Қазақстан құрама командасының
құрамында жүрген палуанды Ақәділ

Убайов деген азамат жаттықтыруда.
Жақында ғана Талдықорғанда сам-
бо күресінен ересектер арасында өт-
кен ел біріншілігінде Бекзат Жұмабер-
генұлы «Қазақстан чемпионы» атан-
ды. Біз Бекзатпен арнайы тілдесу
барысында ол осы жеңісін туған
жеріне арнайтынын айтып, барша
жерлестерін алғыс айту күнімен
құттықтады. Сондай-ақ, үстміздегі
жылы Өзбекстан Республикасы,
Ташкент қаласында өтетін Азия
чемпионатында «Өлем чемпионы»
болу үшін қызу дайындық үстінде
екендігін жасырмады. Ендеше жұмыр
жүрегі елім деп соғып тұрған жас
палуанның еліміздің туын желбіретер
сәтіне сөттілік тілейміз! Жарайсың
Бекзат! Өрқашан алға!

Мұса ӘДІЛБАЙҰЛЫ,
Ойыл селосы.

ТӘУЕЛСІЗДІК ТАРТУЫ

ҚАЗАҚСТАН
ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ
30 жыл

Қараойда ең алғашқы бастауыш мектеп 1936 жылы салынған. 1940-1941 оқу жылында Қараойда бас-тауыш мектеп жеті жылдық мектепке айналды. Мектепте бірінші басшылық қызметін Бақтығали Еспағанбетов атқарды. 1961-1962 оқу жылында мектеп 8 жылдық мектепке айналды. 1963 жылы негізгі мектептен орта мектеп болып құрылды. 1963-1985 жылдары Әтшайбай Тіржанов директор болып, 1971 жылы мектептің білім сапасын арттыруға қосқан үлесі үшін «Еңбек Қызыл Ту» орденімен наград-талды. «Қараой мектеп-балабақшасы» мемлекеттік білім мекемесі ретінде 12 қазан 2000 жылы Ойыл аудандық Әкімінің №217 қаулысына



сәйкес «Қараой орта мектебі» ММ-сі «Қараой мектеп-балабақшасы» ММ-сі болып қайта ашылды.

2005 жылы аудандағы Тәуелсіздік тарту еткен алғашқы нысандардың қатарында Қараой мектеп-балабақшасы жаңадан бой түзеді. Сол жылы мектеп жаңа 2 этажды стандартқа сай мектепке көшірілді.

Мектептің негізгі бағыты: мемле-кеттік стандарт бойынша мектепке дейінгі және жалпы орта білім беру. Оқушылардың заман талабына сай жан-жақты білім алуына барлық жағдай жасалған.

Мектепте оқушы бойындағы талап пен таланты жетілдіру мақсатында әр-түрлі факультативтік және үйірме сабақтары жүреді. Мектеп былтыр күрделі жөндеуден өтті.

Тұрғындар жиыны

МАЛ БАҒУ МӘСЕЛЕСІ – ТАРАПТАРДЫҢ ТАЛАБЫ КӨП

ӨТКЕН ЖҰМАДА АУДАНДЫҚ МӘДЕНИЕТ ҮЙІНДЕ САНИТАРЛЫҚ ТАЛАПТАР САҚТАЛА ОТЫРЫП, ОЙЫЛ СЕЛОСЫНЫҢ «ТҰРҒЫНДАР ЖИЫНЫ» ӨТТІ. КҮН ТӨРТІБІНДЕП НЕГІЗГІ МӘСЕЛЕ – ТҰРҒЫНДАРДЫҢ ЖЕКЕ МАЛЫН БАҚТЫРУ. БҰНДАІ КЕЗДЕСУЕ БЫЛТЫР ШЕКТЕУЛЕРГЕ БАЙЛАНЫСТЫ ӨТПЕЙ ҚАЛҒАНДЫҚТАН, ТҰРҒЫНДАРДЫҢ ТАЛАП-ТІЛЕКТЕРІ ДЕ ҚОРДАЛАНЫП ҚАЛЫПТЫ.



Аудан өкімінің орынбасары Аслан Кенжебаев қатысқан кездесуде алдымен округ өкімі Сәндібек Дәулет-қалиев Ойыл селосындағы тұрғын-дардың жеке малдарын бақтыру туралы өзінің ойларын жеткізді. Яғни, биыл Ойыл селосында бес бағытқа сауын сиырлар күтуі шығады. Ол үшін малшылары дайын. Ал, өздеріне кезек тигенде тұрғындар малды бағудың бағасынан бұрын малшының қызметінің сапасы мен мінез-құлқына көп сын айтты. Малшылар болса, сиырлардың уақытында қосылмай-тынын, кешкісін ешкім күтіп алмай-тынын алға тартады. «Сенің малыңды бақыпмын» - деп бұлданып, «Қостыр-маймын» - деп қоқандайтындар бар екен. Рас, «Бес саусақ бірдей емес». Тұрғындарға да айтылар сын аз емес. Тек МТМ бағындағы сиыршы Қанат Алдиярұвақа ғана халық өлденеше рет

алғысын жаудырды. Бірақ, осы Қанаттың өзі мал тоқтағаннан кейін де 60 мың теңгедей қызметінің ақысын жинай алмай жүрді. Бұл мәселе округ өкімінің араласуымен шешілді. Тұрғындар малдың бағу мен оның өрісі және мал азығы туралы да өз ұсыныстарын жеткізді. Әсіресе, мал азығының бағасы мен салмағына айтылар сын көп. Сонымен қатар, осы жинаға қатысқан аудандық полиция бөлімінің жергілікті полиция қызметі бөлімшесінің бастығы Азамат Кекебаев қолданыстағы заңға енгізілген өзгерістер мен толықтыруларға тоқ-талып, бағусыз малдың иесіне қо-далынып шаралар туралы түсін-дірді. Кездесуге қатысқан аудан өкімінің орынбасары Аслан Кенжебаев тұрғындар көтерген мәселелерге орай түсінік беріп, кейбір сауалдарға жауап берді.

Алғыс

Қымбатты да, қадірлі Ж. Жүсібалиев атындағы Ойыл қазақ орта мектебінің ұстаздар қауымына осынау ауыртапашылығы мен жауапкершілігі мол кәсіпті атқарып жүргендеріңізге көп рахмет айтамыз.

Мұғалімге мың алғыс!
Оянғанда шабытым,
Ой келеді түйдектеп...
Әліпбиді танытып,
Әріптерді үйреткен.
Терең өрі тұнық та,
Теңіздейін қуаты.
Кірген кезде сыныпқа,
Күлімдеп тек тұратын.
Кемелдіктің жүйесін –
Көрсететін жолды ізгі.

Ұлағаттың иесі,
Ұстазымыз – ол біздің!
Жарқын да, ақ пейілді,
Жиі айтатын сөзіңіз.
Анамыздан кейінгі,
Ақылшымыз – Өзіңіз!
Алға аттап бір адым,
Асқарға да шығармыз.
Білім берген мұғалім,
Бәріңізге мың алғыс!!!

Алғыс білдірушілер: Ж. Жүсібалиев атындағы Ойыл қазақ орта мектебінің 5 Б сынып оқушылары мен класс жетекшісі Самал Сатыбалдина.

БАЛАБАҚША ЖҮРЕГІ - БІЛІКТІ ТӘРБИЕШІ

Қазақ халқының нағыз тәрбиелі ұрпақ өсіру негіздерін қалыптастыратын тұңғыш мектеп - ол балабақша. Балабақша келер ұрпақты еңбекке, өнер-білімге, елінің ар намысын қорғауға және ізгі адамгершілік қасиеттерді қалыптастырады. Сондай балабақшалардың бірі - Сербие елді мекеніндегі «Әсем» бөбекжай бақшасы.

Бала балабақшаның жүрегі, ал оның тамыры білікті тәрбиеші. Тәрбиеші – екінші ана. Ең бастысы – балаларды жақсы көру ерқайсысы әр түрлі мінезде, әр үйдің кенжесі, еркесі және оларды жай ғана жақсы көріп қана қоймай, олардың жүрегіне жылу сыйлары анық. Ақ парақ бетіне сызу сызғандай баланың кіршіксіз санасына нұрын сеуіп, білім, өнер нәрімен сусындату тәрбиеші үшін ұлы адамгершілік, мейірімділік қасиет. Әр үйдің еркелерін бір арнаға тоғыстырып, олармен жұмыс жасау оңайға соқпайды. Алайда, тілі жаңа ғана шығып, түсініксіз сөйлейтін баланың тілін тауып, тілдесу, жақсы тәрбие берудің өзі үлкен міндет. Осындай міндетті аса жауапкершілікпен арқаалаған «Қарлығаш» тобының тәрбиешілері Жаннат Рысбайқызы Есмұханова мен Венера Шынтақсызы Мусина, күтүші Үміт Бақытжанқызы Артықбаеваның еңбектерін еш ұмытуға болмайды. Бауыр еті балаларымыздың сүйікті тәрбиешілері болып қана қоймай, әрбір өткізген ертеңгіліктері мен ашық сабақтарын аса жауапкершілікпен ұйымдастыра білді. Әсіресе, Абай атамыздың 175 жылдық мерейтойы қарсаңында бүлдіршіндер арасында өткізген көркем сөз байқауы ата-аналар жүрегінен орын алып, ерекше сіңі-құрметке ие болды. Осындай ұшқыр ойлы, қабілетті, білікті өрі шебер, өз ісін жетік меңгерген тәрбиеші ұстаздарымызға бірінші наурыз Алғыс айту күні қарсаңында шын жүректен алғысымды білдіремін. Кесіби шеберліктерің шыңдалып, әр баланы мектепке ақылды, білімді, тәртіпті қылып, балабақшадан жақсы тұлелер ұшыруда қанаттарың талмай еңбек ете беріңіздер. Тәуелсіз еліміздің бақытты балдырғандары көп болсын. Еліміздің ертеңі бүгінгі жас ұрпақтың қолында, ал жас ұрпақтың тағдыры тәрбиешілер мен мектеп ұстаздарының қолында. Сондықтан әрбір ұстаз бұл жауапкершілікті сезінсе, біздің мемлекетіміздің қорғаны нығая түспек.

Алғыс білдіруші: «Қарлығаш» тобының ата-аналар атынан Айымгүл Күлекешова.

МЫҢ АЛҒЫС САҒАН, ДӘРІГЕР!

Дәрігер деген – ең ұлы өрі қастерлі мамандық.Бүгінде бүкіл әлем жұртшылығы осынау маңызды мамандық иелерінің көмегіне мұқтаж болып, соларға сенім артуда. Себебі, жер жаһанды жайлаған коронавирус дерті күннен күнге үдеп, сан мыңдаған адамның тағдырын жалмаған қауіпті дертке айналып үлгерді. Осы қарусыз майданда алдыңғы шепте арналысып, адам жанының арашашысы болып жүргендердің еңбегі орасан зор екені ақиқат. Бүгінге дейін нақты емі табылмай жатқан осы бір кеселге шалдыққандарға жедел түрде көмек көрсетіп, жанын аямай жанкештілікпен жұмыс жасап жатқан денсаулық сақшыларына күллі әлем сенім артып отыр.

Қызылды-жасылды қызығы көңілден кетпес мынау жарық дүниеде адамның бірінші байлығы денсаулық екені даусыз. Басымыз ауырып, балтырымыз сыздай қалса болды, осы бір денсаулық сақшыларының көмегіне мұқтаж болып, жанымызға сая іздеп жатамыз. Ал бүкіл әлем халқының үрейін алып, сан мыңдаған тағдырды жалмаған осынау алапат дерттен өлемді тазарту жолында, халқымыздың денсаулығын сақтау үшін тынымсыз еңбек етіп жүрген барша ақ желеңді абзал жандарға біз де өз алғысымызды жеткіземіз. Дәрігерлер, сіздерге мың алғыс!

Ғұсман ЖҰМБЕРГЕНҰЛЫ,
еңбек ардагері.

ОЙЫЛДЫҚТАРҒА МЫҢ АЛҒЫС!

Қазақстан – бірлігі мен берекесі жарасқан мемлекет. Өртүрлі ұлыс өкілдері бір шаңырақ астында сүттей ұйып, тату-тәтті өмір сүріп жатыр. Тұрақтылықтың арқасында мемлекетіміз өркендеп келеді.

Кезінде біздің өке-шешелеріміз қазақ ұлтымен бір нанды бөлісіп, қиыншылықты бірге көрген. Соның бәрін ата-апаларымыз бізге айтып отыратын. Алғыстарын білдіретін. Өрине, бізге көрсетілген көмекті ешқашан ұмытпаймыз, өзімізден кейінгі ұрпақтарға жеткізіп отырамыз. Себебі нағыз қазақы қаймағы бузылмаған ауданда бірлігіміз жарасып өмір сүріп жатқанымға қуанамын. Өйткені мұнда ешкім бізді өзге ұлт өкілі деп қарамайды. Керісінше ауданның қоғамдық шараларына белсене араласып, әр түрлі қазақ халқының мерекелерін бірге тойлап келеміз. Менің қазақ халқына айтар алғысым шексіз. Жалпы бүгін ғана емес, бүкіл өмірімізде Қазақ халқына өз алғысымызды білдіргіміз келеді. Бір адамның жақсылығын бағалай білу үшін оған – алғыс айту керек деп айтады ғой. Мен осы күнді пайдалана отырып, барша Ойыл жұртшылығына өз атыман алғысымызды айтамын.

Елена ЖИГАДЛО,
«Шұғыла» мәдениет және демалыс орталығы жанындағы «Достық» клубының мүшесі, Ойыл селосы.

ҚАРАКЕМЕРГЕ БИЛАЙН ҰЯЛЫ БАЙЛАНЫСЫ ОРНАТЫЛДЫ

Былтыр Ойыл ауылдық округіне қарасты Қаракемер елді мекеніне ауызсу құбыры тартылғаны туралы жаңалықпен көпшілік хабардар болған еді.

Осы игі істің жалғасындай болған Қаракемер елді мекеніне жақында ғана билайн ұялы байланысы орна-тылып, іске қосылды. Жергілікті тұр-ғындар шағын ауылдың халқына

деген қамқорлығы үшін облыс өкімі Ондасын Оразалинге шынайы алғыс-тарын білдіруде. Себебі бұл елді мекен ауданнан айтарлықтай қашық болмаса да, ойда орналасқандықтан ұялы байланыс ауылдың ербір жері-нен еміс-еміс ұстайтын-ды. Елді мекендерді ұялы байланыспен қамту мәселелері алдағы уақытта жалғаса бермек.

НҰРЛЫБЕК НАМЫСТЫ ҚОЛДАН БЕРМЕДІ



Ақпан айының соңы ойылдықтар үшін жақсы жаңалықтарға толы болды. Спорт, мәдениет саласында облыстық, республикалық додаларда топ жарып шыққан жерлестеріміздің жетістіктері жетерлік.

Осы орайда жуырда Ақтау қаласын-да тірек-қимыл аппараты зақымдан-ған мүгедектер арасында отырып

ойнайтын волейболдан ардагерлер арасында Қазақстан Республикасы-ның IV чемпионатында жерлесіміз Нұрлыбек Кадиров Ақтөбе облыс-ның құрамасымен жүлделі 2 - орынды иеленді. Нұрлыбек Амангелдіұлын осы 1 наурыз «Алғыс айту» мерекесі қарсаңында алған жеңісімен құтты-таймыз!

Ойыл

Құттықтау

Ойыл ауданы тұрғыны
Қалышева Айша Сиябайқызына
4 наурызда 70 жасқа толуыңызбен құттықтаймыз!

Жүйрік уақыт Сізді өміріңіздің мағынасы бір белесі – жасқа толтырды. Осы уақыт ішінде өмірдің талай белестерін табысты бағындырып, бүгінде тамыры тереңге кеткен бәйтеректей үлкен бір өулеттің ақылшы тірегі арқа сүйері болып отырсыз. Біз Сізді мерейтойыңызбен құттықтай отырып, Сізге денсаулығыңыз қуатты, ғұмырыңыз ұзақ, көрер қуанышыңыз мол болсын, балаларыңыздан рахат көріңіз деп тілейміз. Мерейіңіз үстем, қадір – қасиеттіңіз зор болсын. Құттықтаушылар: «Ақ желер» ансамблі.

ҚАУІПТІ ІНДЕТ СЕЙІЛЕР ЕМЕС, САНИТАРЛЫҚ ЖАҒДАЙ САҚТАЛУЫ ТИІС!



Өлемді өбігерге салған қауіпті індеттің беті өлі де қайтар емес. Олай дейтін себебіміз, қауіпті ауру ақпан айының ортасында біздің ауданымыз-да балалардың арасында да тіркелді. Соның салдарынан Ж.Жүсібалиев атындағы Ойыл қазақ орта мектебі Ойыл ауданының бас мемлекеттік санитариялық дерігерінің қаулысымен 14 күнге карантинге жабылып, оқушы-лар онлайн форматта оқуға көшірілді.

Осы орайда өткен аптада Ойыл ауданы өкімінің орынбасары Мұратбай Айдарбаев, аудандық санитарлық эпидемиологиялық бақылау басқар-масының басшысы Ғарифолла Құбаев, аудандық полиция бөлімі бастығының орынбасары Дархан Ғалымжанов аудан орталығындағы білім беру мекемелері мен мектепке дейінгі ұйымдарға барып, санитарлық жағдайларын тексерді.

Турнир

ШАҒҒЫ ТЕУІП, ЖҮЛДЕ АЛДЫ

ОЙЫЛДЫҚ ӨТЕСІН ҚАБЕКШЕВ — ЗЕЙНЕТКЕР ҰСТАЗ. Ә.ДЕРЫСАЛИН АТЫНДАҒЫ САРАЛЖЫН ОРТА МЕКТЕБІНДЕ 45 ЖЫЛ ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ПӘНІНЕН САБАҚ БЕРДІ.



Спорт ардагері биыл 70 жасқа толады. Өлі күнге дейін шаңғы тебеді. Жуырда Өтесін Қабекшев Ақтөбе қаласында өткен 60 жастан асқан ардагерлер арасында өткен шаңғы жарысынан облыстық турнирден 2-ші орын алып, жерлестерінен жүлде сыйлады.

— Шаңғы теуіп жүргеніме 15 жылдан асты. Қысқы спорттың осы түрі өзіме ұнайды. Қыста ауыл сыр-тына серуендегенде шаңғысыз шықпаймын. Быыл қар да мол түсті.

Ертеңгісін таза ауада жүгіріп тұра-мын. Турнирдегі 2 шақырымдық мәре маған қиыға соққан жоқ. Орын алам деп те ойламадым. Ауылда шаңғы тебетін екі-үш жігіт бар. Жалпы біздің ауылдың жігіттері спортқа жақын, — дейді ардагер спортшы.

Оның айтуынша, бұрын аудандық жақсытарға шығып отырғанымен облыстық турнирге алғаш қатысуы екен. Жерлестері жетпістігі ақсақал-дың бұл жүлдесін үлкен жетістік деп бағалап отыр.

«АҚТӨБЕ ӨҢІРІНІҢ ФОЛЬКЛОРЫ МЕН МУЗЫКАСЫ» АНТОЛОГИЯСЫ

Елбасымыз Н.Назарбаев жариялаған «Ұлы даланың жеті қыры» мақала-сының «Дала фольклоры мен музыкасының мың жылы» арнайы жобасында Ұлы Даланың фольклоры мен өуендерін заманауи цифрлық форматта шығару мәселелеріне орай Ақтөбе облысының өкімдігінің қолдауымен «Ақтөбе өңірінің фольклоры мен музыкасы» антологиялық жинағының шығуы биылғы жылға жоспарлануда.

Облысымызда жұмыс тобының жинақтауымен антологияның бес бағыты «Айтыс», «Күй», «Жыр-дастан, терме-толғау», «Классикалық музыка», «Ақтөбе әуендері» бойынша кітап нұсқасы жасалуда.

Антологиялық жинақтың шығуы туралы аудан тұрғындарын хабардар ете отырып, жоғарыда көрсетілген бес бағыт бойынша сақталған ақпарат, материалдар, аудиожазбалар болса, «Аудандық ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» ММ-не тапсыру сұралады.

Сонымен қоса, жинақталған барлық материалдар әр бағыттың кри-терийлеріне сәйкес комиссия мүшелерімен талқыланып енгізілетіні ескертіледі. Толық ақпарат алу үшін: Ойыл ауданы, Көкжар көшесі 66. «Аудандық ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» ММ-не хабароласуларыңыз сұралады. Байланыс нөмірлері: 8713322-11-53, 2-20-19.

Электронды пошта: sh.zholamanova@akob.gov.kz

ЕСКЕ АЛУ

Екпетал ауылы
Тілеубергенов Сағынтай
08.03.1951ж – 23.01.2016ж

Өттең дүние, өмір деген өтпелі,
Бұл өмірге кімдер келіп кетпеді.
Жазмыш ісін қай пендесі көлжәйды
Өмір деген неге соңа шектелуі
5 жыл болды сен өмірден кеткелі.
Туған күнің 8 наурызда
70 жасқа толар едің!
Бүгінгі туған күнінде
Сағына еске аламыз.
Иман болсын жолдасың
Жаратқан өзі қолдасың.
Еске алушылар: жолдасы – Гүлжан,
ұл – қыздары, немере – жиендері.

Ш.Бекмұхамбетова атындағы мектеп-гимназиясының ұжымы мен бастауыш кәсіподақ ұйымы мектеп-гимназия директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Жазира Тынышеваға өкесі
Ақмөйіздің қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.